

**«Scrum негізінде сабақтарды түрлендіру тәжірибесі: идеологиясы,
әдіснамасы және технологиясы»**

облыстық шығармашылық шеберханасының жұмысы қорытындыланды

2025-2026 оқу жылында Ақтөбе қаласы Ә.Ермеков атындағы №23 мектеп-лицейінің математика пәні мұғалімі С.Укибаеваның жетекшілігімен **«Scrum негізінде сабақтарды түрлендіру тәжірибесі: идеологиясы, әдіснамасы және технологиясы»** тақырыбында облыстық шығармашылық шеберхана жұмысы өткізілді.

Шеберхананың мақсаты - педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, Scrum технологиясын білім беру үдерісіне тиімді енгізу арқылы сабақтың сапасын жақсарту, жауапкершілікпен өзін-өзі басқару дағдыларын дамытуға бағытталған тиімді әдіс-тәсілдерді тәжірибеде қолдану.

Облыстық шығармашылық шеберхананың төрт отырысында қатысушылар Scrum технологиясының негізгі қағидаларымен танысып, оны сабақ құрылымына енгізудің жолдарын қарастырды. Әр отырыста теориялық түсіндірмелер тәжірибелік жұмыстармен ұштастырылды.

Тәжірибелік бөлім барысында мұғалімдер Scrum технологиясын сабақта қолданудың тиімділігін іс жүзінде дәлелдеді. Қатысушылар оқушылардың белсенділігі мен ынтасының артқанын, топтық жұмыстың сапасы жақсарғанын, оқу мақсаттарына жету деңгейінің жоғарылағанын атап өтті. Сонымен қатар, рефлексия мен кері байланысты жүйелі ұйымдастырудың оқу үдерісінің нәтижелілігін арттыратыны көрсетілді.

Облыстық шығармашылық шеберхананың отырыстарында педагогтердің кәсіби тәжірибе алмасуына, заманауи білім беру технологияларын тиімді қолдануына мүмкіндік берді. Scrum технологиясы сабақтарды жаңаша ұйымдастырудың, оқушылардың функционалдық сауаттылығын, жауапкершілігін, көшбасшылық және ынтымақтастық дағдыларын дамытудың тиімді құралы екені айқындалды.

Шеберхана жұмысының нәтижесінде қатысушылар Scrum элементтерін өз тәжірибелеріне енгізуге дайын екендіктерін білдіріп, алдағы уақытта тәжірибе алмасуды жалғастыру жөнінде ұсыныстар қабылданды.

Қартбаева Айнұр Әуезханқызы, әдіскер

